

## **"Павлодар мұнай-химия зауыты" жабық акционерлік қоғамының мұнай жүктемесін қамтамасыз ету туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 23 мамыр N 698

Ресей Федерациясының Үкіметі мен Қазақстан Республикасының Үкіметі арасындағы 1993 жылғы 25 желтоқсандағы Ынтымақтастық және отын-энергетика кешендерін дамыту туралы келісімге, "Трансферттік бағаларды қолдану кезіндегі мемлекеттік бақылау туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 5 қаңтардағы Z010136\_ Заңы 8-бабының 1-тармағына сәйкес, мұнай өнімдерінің ішкі рыногын тұрақтандыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің "ҚазТрансОйл" ұлттық мұнай тасымалдау жөніндегі компаниясы" жабық акционерлік қоғамының ресей мұнайын Атырау-Самара және Кеңқияқ-Орск мұнай құбырларымен экспортталған қазақстан мұнайымен алмастыру жолымен Ресейде өндірілген мұнайдың Омск-Павлодар мұнай құбырымен "Павлодар мұнай-химия зауыты" жабық акционерлік қоғамына жеткізілуін қамтамасыз ету туралы а қ п а р а т ы н а з а р ғ а а л ы н с ы н .

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі "ҚазТрансОйл" ұлттық мұнай тасымалдау жөніндегі компаниясы" жабық акционерлік қоғамы осы қаулының 1-тармағында көрсетілген алмастыру схемасы бойынша жүзеге асыратын импорт және экспорт операцияларын "Трансферттік бағаларды қолдану кезіндегі мемлекеттік бақылау туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 8-бабының 1-тармағы 4) тармақшасында көзделген төлем ережелерін пайдалана отырып, жанама салықтар мен мұнай мөлшерін ескере отырып, құбыр көлігімен тасымалдау кезіндегі табиғи кему нормаларын ескере отырып, бағалары баламалы болуы шартымен жасалған мәмілелер р е т і н д е қ а р а с ы н .

3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі мен Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулының 1-тармағына сәйкес алмастыру бойынша жеткізілетін мұнай көлемінің саны мен сапасын бақылауды, мақсатты пайдаланылуын

қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрі В.С.Школьникке жүктелсін.

5. Осы қаулы 2001 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Мамандар:

Багарова Ж.А.

Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК